ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 53 МЕКТЕП – ЛИЦЕЙІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ№ 53»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

« 22 » ақпан 2024 ж. № 87

Қарағанды қаласы город Караганда

**Конкурсты өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 "мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидалары" бұйрығының, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы "22" желтоқсандағы № 513 бұйрығы қосымшаның, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 259 және Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 343 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бірлескен бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 22 ақпаннан 1 наурызға дейін "№53 мектеп-лицейі" КММ-де педагогтардың бос және уақытша бос лауазымына конкурс жариялансын. (Жауапты: Л.К. Кобенова )
2. А.Х. Имаева конкурстық комиссияның отырысын аудио бейне жазбамен сүйемелдесін және бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтасын.
3. Комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы конкурсты ұйымдастыру тәртібін сақтасын:

- Тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жарияласын (жауапты: А.Х. Имаева);
- конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдабылдасын (жауапты: К.Р. Сагиева, А.Х. Имаева);

- Үміткерлердің құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарасын (Жауаптылар: комиссияның барлық мүшесі);
- Конкурстық комиссияның қорытынды отырысына (жауапты: Л.К. Кобенова).

4. Конкурсты өткізу мерзімі: 7 жұмыс күні (сенбі, жексенбіден басқа) 2024 жылғы 22 ақпаннан 1 наурызға дейін – құжаттарды қабылдау мерзімі бекітілсін; кандидаттың құжаттары қабылданғаннан кейін 2024 жылғы 4 наурыздан 6 наурызға дейінгі 3 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық сервисі арқылы сыбайла сжемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралысұрау салу құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық сондай-ақбілім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаментке педагог мәртебесі туралы Заңнаманы бұзу туралы; құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін 2024 жылғы 7 наурыздан 14 наурызға дейін 5 жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік талаптарымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес тігіне қарау жүргізілсін (жауапты: Л.К. Кобенова).
5. Конкурс нәтижелерін мектеп-лицейдің интернет-ресурсында, ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында конкурстық комиссияның қорытынды отырысының өткізілетін күнін орналастыру жауапкершілігі А.Х. Имаеваға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік комиссия төрағасы Л.К. Кобеноваға жүктелсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Директор** **А.Садвакасова**